8D01702 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» тақырыбындағы А.Т.Төлеужанның диссертациялық жұмысына шетелдік ғылыми кеңесші Мехмет Акиф Созердің

ПІКІРІ

Бүгінде ашық білім беру ресурстарының тұлғалардың барлығына бірдей білім алуға қол жетімділікті қамтамасыз ету әлеуетіне байланысты қоғамдағы маңызды тенденцияға айналды. Білім алушыларға ақысыз қол жетімді оқу мазмұнын ұсынумен қатар, бірлескен оқу іс-әрекетін жүзеге асыру, оларды өзгерту немесе оқыту қажеттіліктеріне бейімдеу және жеке оқу мүмкіндігі берілген кезде сапалы білім беруге, білімге қатысты тәжірибе алмасуға және тұлғалардың әлеуетін арттыруға кең мүмкіндік ашылады.

Әлемдік цифрландыру үдерісінің үдемелі дамуы аясында ашық білім беру ресурстарымен қатар, қоғамда түрлі мәдениет өкілдерімен өзара әрекеттесу мен қарым-қатынас жасаудың құралы ретінде шетел тілінде еркін сөйлеу дағдыларына деген қажеттілік арта түсті. Ашық білім беру ресурстарын шеттілдік мәнмәтінде қолдану халықаралық ынтымақтастықтар құруға және елдің экономикалық әлеуетіне қарамастан білім мазмұнына тең қол жетімділіктің болуына ықпал етеді. Нақтырақ айтар болсақ, шеттілдік білім беру ортасын құру, түпнұсқадағы шынайы оқу мазмұнымен танысуға, дербес білім алуды қалыптастыру және тілді меңгеруге деген ынтаны арттыру сияқты бірқатар артықшылықтар ашық білім беру аясында ұсынылады.

Ашық білім беру ресурстары педагогтарға оқу материалдарын құрастыруға, олармен бөлісуге және тіл үйренуге арналған сапалы оқу құралдарын білім беру үдерісінде қолдануға мүмкіндік береді. Сәйкесінше, ашық білім беру мүмкіндіктерін ұсынатын құралдарды оқу үдерісін барынша тиімді ету үшін педагогикалық іс-әрекетте кеңінен қолдана білу, тәжірибе алмасу мақсатында педагогтар тарапынан олардың құрастырылуы және ұсынылуы сияқты іскерліктерінің жоғары деңгейде қалыптасуы қоғам алдына қойылатын талаптар қатарына енуде. Аталмы тенденцияның дамуы елдегі білім беру үдерісіне қатысты бірқатар өзекті мәселелерді қайта қарастыруға әсер етті. Мәселен, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерінің түрлерін өзгерту,

ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның рөлін арттыру сияқты бірқатар өзгерістер орын алды.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, Төлеужан Ақбота Талғатқызының «Инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» тақырыбындағы (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін даярлаған диссертациясының тақырыбы өте өзекті, себебі ізденушінің диссертациялық зерттеуі цифрлық экономика жағдайында мемлекеттің басым бағыттарының бірі білім беруді цифрландыру мақсатымен ұштасады. Сондай-ақ, инновациялық мектеп оқушылары арасында жүргізілген зерттеу негізінде ашық білім беру ресурстары арқылы білім алушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамытудың теориялық-педагогикалық негіздерін айқындауы өзінің теориялық және практикалық жаңалығымен ерекшеленді.

Диссертант тақырыптың теориялық мазмұнын айқындау барысында алыс-жақын шетелдік және отандық ғалымдар еңбектерінің оқыту үдерісінде ашық білім беру ресурстарын қолданудың қажеттілігі, сондай-ақ, ашық білім беру ресурстарын қолдану арқылы шетел тілінде оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамыту мүмкіндіктері нақты айқындалған. Ізденушінің зерттеу аясында отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми зерттеулері мен оқу әдістемелік құралдарындағы «білім беруді цифрландыру», «ашық білім беру», «ашық білім беру ресурстары», «инновациялық мектеп», «шетел тілінде сөйлеу дағдылары» ұғымдарына берілген анықтамаларын жүйелеп, осы ұғымдардың мәні мен мазмұнын өзінің зерттеу проблемасының мақсатына орай тұжырымды пікірін білдіріп ғылыми-теориялық тұрғыдан мазмұндық сипаттама жасаған. Бұл зерттеудің теориялық мазмұнын толықтай ашады.

Ізденуші А.Т.Төлеужан зерттеу барысында қарастырған ашық білім беру ресурстарының шетел тілін оқу үдерісіне қатысты тиімділігі оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемесін жобалауға ықпал етті. Әдістемені жобалау диссертанттың зерттеу мәселесіне байланысты ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың моделіне негізделген және оқу үдерісіне ендірілген. Сондай-ақ, ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамытудың әдістемесін айқындауға бағытталып құрылған «Becoming Fluent in English» атты таңдау курсының мазмұны толығымен ашылған.

Диссертант А.Т.Төлеужан қолданған бар диссертациялық мәліметтер өзінің ішкі бірлігімен, зерттеу міндеттері және нәтижелердің сәйкестігімен айқындалып, диссертацияның мақсаты мен міндеттері толық өзара ұштасады. Қолданылған ғылыми зерттеу әдістері алынған нәтижелердің сенімділігін, диссертация қорытындысын негізділігін қамтамасыз етеді.

Докторант Төлеужан А.Т. зерттеу жұмысын ұйымдастыруда, зерттеу нәтижелерін тексеру мен тәжірибелік-эксперименттік жұмысты жүргізе білуде жоғары біліктілігін көрсете алды. Сонымен қатар, статистикалық әдістәсілдерді сенімді әрі еркін қолданып, өзінің шығармашылығын, жанжақтылығын танытты. Докторант зерттеу жұмысының барысында ғылыми кеңестер алып, өзінің дербестігімен және құлшынысымен көзге түсті.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, Ақбота Талғатқызы Төлеужанның «Инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» тақырыбындағы докторлық диссертациясын қорғауға ұсынуға болады. Диссертанттың зерттеуі логикалық тұрғыдан аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады, біліктілік жұмыстарына қойылатын барлық талаптарға сай келеді және оның авторы Төлеужан Ақбота Талғатқызы 8D01702 - Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты.

Шетелдік ғылыми кеңесші,
Гази университеті
педагогика факультеті профессоры,
философия докторы (PhD) Мехмет Акиф Созер